

|                                                                                                                                                     |                                                                                    |                                                                                                                                                  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Қазақстан Республикасы</b><br/><b>Денсаулық сақтау</b><br/><b>министрлігі</b></p> <p>2026 жылғы «<u>6</u>» <u>наурыз</u><br/>№ <u>124</u></p> |  | <p><b>Қазақстан Республикасы</b><br/><b>Оқу-ағарту</b><br/><b>министрлігі</b></p> <p>2026 жылғы «<u>10</u>» <u>сәуір</u><br/>№ <u>84-III</u></p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың  
денсаулығын нығайту жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған  
«Саламатты мектеп» іс-шаралар жоспарын бекіту туралы  
БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 1), 9) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 2), 93) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған «Саламатты мектеп» іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіретін орталықтар болып Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ҰДСДҒО), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – ҰҒПДТО) айкындалсын.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (келісу бойынша):

1. Жоспарды белгіленген мерзімде іске асыруды;

2. Жоспардың орындалуы туралы ақпаратты ҰДСДҒО және ҰҒПДТО-ға тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 10 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. ҰДСДҒО және ҰҒПДТО тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 15 жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне есеп ұсынып, Жоспардың орындалуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін.

5. «Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 109 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 51 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту вице-министрлеріне жүктелсін.

7. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі



А. Əлназарова

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрінің міндетін  
атқарушы



М. Мелдебекова